

"Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған келісім-шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 584 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қарашадағы № 544 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 18 желтоқсанда № 3661 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.04.09 № 115 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 276 қаулысына, "Қостанай облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 214 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған келісім-шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету стандарттың бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 584 қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі N 3592, "Қостанай таңы" 2008 жылғы 19 ақпандағы № 21, "Костанайские новости" 2008 жылғы 20 ақпандағы № 27) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының "Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған келісім-шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету стандартында (бұдан әрі – стандарт) бүкіл мәтін бойынша "Қостанай облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" деген сөздер "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

стандарттың 12-тармағының 9) тармақшасында "Қостанай облысының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті" деген сөздер "Қостанай облысы әкімдігінің мемлекеттік

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

стандарттың 12-тармағының 10) тармақшасында "Қостанай облысының экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті" деген сөздер "Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын .

2. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

КЕЛІСІЛДІ